

Пайдаланған әдебиеттер

1. Ашмарин Б.А. Теория и методика педагогических исследований в физическом воспитании. – М.: Физкультура и спорт, 1978. – с. 190.
2. Барков В. А. Оптимизация учебно-тренировочных занятий с детьми 11-14 лет на основе использования технических средств обучения. - М., 1979. - С. 75-96.
3. Журнал Теория и практика физической культуры, № 4, 2000; -№ 1 –12, 1993 – 1999. с. 45-48.

Станқұлова Д.А., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, педагогика факультеті, БОПМӘ-13с тобы, студент

(Ғылыми жетекшісі – п.ғ.м., аға оқытушы Айдарбекова К.А.)

САНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

Жаһандану дәуірінде мемлекеттің ұлттық құндылығы мен әлемдегі бәсекеге қабілеттілігі туралы объективті ақпарат адами капиталдың зияткерлік өлшемдерімен анықталады. Кез келген кезеңде жоғары бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізу үшін заманауи, өзекті және тиімді білім беру процесін қолдау қажет.

Елбасымыздың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» Жолдауында ғылым мен білім беру жүйесін жетілдіруге байланысты мәселелер маңызды орын алады - бұл Қазақстандағы адами капиталдың сапалы өсуі. Елбасы білім беру жүйесін жаңғырту барысында оқу процесіне заманауи әдістер мен технологияларды енгізу, педагог кадрлардың сапасын арттыру, педагогикалық білім берудің негізгі стандарттарын нығайту жөніндегі шараларды іске асыру қажеттігін атап өткен [1].

Ұлттық сандық білім беру ресурстары жобасын жүзеге асыру аясында электрондық оқытудың ақпараттық жүйесі құрылды: білім беру ұйымдарының порталы, Ұлттық білім беру деректер базасы, ішкі корпоративтік портал, электрондық кітапхана, білім беру ұйымдарын басқару жүйесі және <https://e.edu.kz> сайтында қолжетімді болып келетін электрондық оқытудың басқа да компоненттері [2].

«Бала оқытуды жақсы білейін деген адам әуелі балаға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білуі керек» - деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, біздің міндетіміз - бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің қыр-сырын көрсетіп, олардың қабілеттерін арттыру, кез-келген ортада өзін еркін ұстауға және өз елінің патриоты болуға баулу. Осыған байланысты оқушылардың білім деңгейін көтеру маңызды міндет болып табылады. Бұл мәселе көптеген жылдар бойы қарастырылып келеді.

Сондықтан бастауыш мектепте пәндердің қиындығы мен күрделілігіне қарамастан, бізде болашақ ұрпақты осы пәндерге деген қызығушылықтарын ояту және білім деңгейін арттыру үшін үлкен жауапкершілікті талап ететін оқыту әдістері болуы керек.

Қазіргі уақытта оқушылардың білім деңгейін көтеру мәселесі маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Оқушылардың білім деңгейін көтеру дегеніміз - оқушыны ғылымның негіздерінен берік білім бере отырып, оны болашақ қоғамға қызмет ететін азамат етіп, білімін одан әрі тереңдетіп, жетілдіре отырып, жан-жақты тәрбиелеу.

Оқушылардың жүйелі білім беру, алған білімдерін өмірде қолдануға және дамытуға дағдыландыратын мұғалім. Бастауыш мектеп сабақтарында сандық білім беру ресурстарын, электрондық оқулықтар мен интернет-ресурстарды заманауи талаптарға сәйкес пайдалану арқылы оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру оқу процесінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Сандық білім беру ресурстарын пайдалану оқытудың тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Қазіргі заманғы сандық білім беру ресурстарымен жұмыс оқушыларды тиянақтылыққа, дәл, тапсырмаларды сапалы орындауға, негізгі проблемаға назар аударуға шақырады, сонымен қатар оқушылардың жеке іс-әрекеттерін дұрыс жоспарлауға, сандық білім беру ресурстарымен жұмыс жасау кезінде дұрыс шешім қабылдауға үйретеді.

Сандық білім беру ресурсы мұғалімді алмастырмайды, бірақ мұғалімге қосымша материалдар береді, яғни сабақтың мазмұнын ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жаңа мультимедиялық мүмкіндіктерімен толықтыруға, оқушылардың назарын маңызды оқу тақырыптарына аударуға, қажет болған жағдайда оқушылардың назарын зерттелетін көріністердің ерекшеліктеріне аударуға, оны визуализациялауға, сабақтың мазмұнын қоғамда болып жатқан

құбылыстармен, өмірлік тәжірибемен, оқушылардың пәнге қызығушылығымен және т.б. байланыстыруға мүмкіндік береді.

Сандық білім беру ресурстары - білім беру мазмұнын айқындайтын электрондық оқыту жүйесінің құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады

Білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін, оқу процесінде өскелең ұрпақтың СБР белсенді қолдану, бүгінгі таңда берілген бағдарлама аясындағы педагогикалық қоғамдастықтың алдында өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Сандық білім беру ресурстары әр пәннің оқу бағдарламасына, оқу мақсаттарына сәйкес арнайы тақырыптар бойынша қолдануға болатын дидактикалық материалдар болып табылады, сондықтан оны қандай да бір пәннің бір тақырыбы бойынша мультимедиялық түсіндірулер, интерактивтік тапсырмалар және тестілік сұрақтар арқылы пайдалануға болады. Яғни, кез келген пән оқытушысы СБР құрылымын оқыту процесі кезінде, яғни, жаңа материалды түсіндіргенде, материалды бекіту және меңгеру деңгейін бағалауда, өз бетімен оқу, орындау және өз-өзін бағалау кезінде қолдана алады.

«Бастауыш мектепте сабақты жоспарлай отырып, мұғалім сандық білім беру ресурстарын пайдаланудың мақсатын, орнын және тәсілін мұқият ойлауы тиіс» [3]. Сабақта компьютерлік тесттерді, тексеру ойын жұмыстарын қолдану мұғалімге қысқа уақыт ішінде оқылатын материалды меңгеру деңгейінің объективті көрінісін алуға және оны уақытында түзетуге мүмкіндік береді.

Сандық білім беру ресурстары - бұл цифрлық нысанда ұсынылған фотосуреттер, бейнефрагменттер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуалды шындық және интерактивті модельдеу объектілері, картографиялық материалдар, дыбыс жазбалары, символдық объектілер және іскерлік графика, мәтіндік құжаттар және оқу процесін ұйымдастыруға қажетті өзге де оқу материалдары.

СБР көмегімен материалдар презентациялар; компьютерлік ойындар; интерактивті бағдарламалар, тесттер; графикалық демонстрациялық материалдар; бейне немесе мультипликациялық фильмдер және т.б. түрінде ұсынылуы мүмкін.

СБР пайдаланудың келесі міндеттерін бөліп көрсетуге болады:

1) мұғалімге сабаққа дайындық кезінде көмек:

– жеке сандық нысандардан сабақты құрастыру және модельдеу;

– қосымша және анықтамалық ақпараттың көп мөлшері бар – тақырып туралы білімді тереңдету үшін;

– сандық білім беру ресурстары жиынтығындағы ақпаратты тиімді іздеу;

– бақылау және өзіндік жұмыстарды дайындау (мүмкін нұсқалар бойынша);

– шығармашылық тапсырмаларды дайындау;

– сандық нысандарға байланысты сабақ жоспарларын дайындау;

– интернет арқылы басқа мұғалімдермен қызмет нәтижелерін бөлісу.

2) сабақ өткізу кезінде мұғалімге көмек:

– мультимедиялық проектор арқылы дайындалған сандық нысандарды көрсету;

– фронталды зертханалық жұмыс режимінде виртуалды зертханалар мен интерактивті теру модельдерін пайдалану;

– оқушыларды компьютерлік тестілеу және білімді бағалауға көмектесу;

– сабақтағы сандық білім беру ресурстарымен оқушылардың жеке зерттеу және шығармашылық жұмысы.

3) оқушыға үй тапсырмасын дайындауға көмектесу:

– материалды ұсынудың жаңа формасы есебінен оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру;

– кез-келген ыңғайлы уақытта оқушылардың автоматтандырылған өзін-өзі бақылауы;

– баяндамаларды, рефераттарды, презентацияларды және т.б. дайындауға арналған объектілердің үлкен базасы;

– энциклопедиялық сипаттағы қосымша ақпаратты жедел алу мүмкіндігі;

– пәндік виртуалды ортада оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;

– оқушыға тақырыпты ыңғайлы қарқынмен және оның жеке қабылдау ерекшеліктеріне байланысты материалды игерудің таңдалған деңгейінде оқуды ұйымдастыруға көмектесу;


– оқушыларды заманауи ақпараттық технологияларға баулу, ақпараттық технологияларды меңгеру және олармен тұрақты жұмыс істеу қажеттілігін қалыптастыру.

Әр сабақта компьютерлік технология арқылы барынша толық жұмыс істеу мұғалімнен шеберлікті, іскерлікті, өте жоғары ұйымдастырушылықты қажет етеді. Математика, жаратылыстану, дүниетану сабақтарында сандық білім беру ресурстарының көмегімен мобильді визуализацияның болмауы мәселесін шешуге болады, онда мұғалімнің жетекшілігімен балалар монитор экранындағы геометриялық фигураларды сурет салу әдісімен салыстырады, нақты бақылауға, өсімдіктер мен жануарлар әлемінің құбылыстарын зерттеуге мүмкіндікті иеленеді.


Мәселен, бастауыш сыныпта «Табиғаттағы су айналымы» тақырыбын өткенде <https://imektep.kz/kz/tabigattagi-su-aynalimi> сайтындағы бейнематериал арқылы барынша шынайы ақпарат беріп, білімдерін бекітуде ойындар мен тест тапсырмаларын орындатса оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады [4].



Табиғаттағы су айналымы туралы фильм



«Ойлан. Тап» ойыны



«Дұрыс - Дұрыс емес» ойыны



Тест

СБР мазмұны және оны сабақ барысында үнемі қолдану оқушылар бойында білім және оны өмірде қолдана білу; өз бетімен жалпылау, талдау, себеп-салдарлы байланыстарды орнату; дереккөзбен жұмыс істей алу, салыстырмалы талдау негізінде оқиғалар мен құбылыстарды ұғыну іскерліктерін қалыптастырады және қандай да бір құбылысқа деген жеке бас қарым-қатынасы мен ой-өрісін дамытады.

Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала – ертенгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, барлық ресурс түрлерімен жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс.

Осылайша, қазіргі сандық білім ресурсы (СБР) білім беру ұйымдарындағы оқу процесін жаңғыртудың тиімді де ұтымды құралы болып табылады, сондықтан, оқу процесінде СБР қажетті құрал болып келетіні туралы сенімді түрде айтуға болады. СБР-ды қолдану арқылы оқушы бойында түйінді, әрі пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыруға, оқушыларға өз бетімен көрнекілік, проблемалық оқытудың әдістемесін жүзеге асыру, білім бақылауын автоматтандыру арқылы білім алуға болады.

Біздің ойымызша, сипатталған қолдану әдістерін орындай отырып, оқу процесіне СБР-дің толық енуі оқытудың дәстүрлі әдістерін толықтырып, олардың жаңа қолданыстағы ақпараттық технологиялармен үйлесуіне мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты: Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. - 2012.- 28

2. Сандық білім беру ресурстарын оқу процесінде қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар, –Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 32 б.
3. Абилядина С.К., Айдарбекова К.А., Ануарбекова Г. Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында сандық білім беру ресурстарын пайдалану//Бъдешите изследвания - 2020: Материали за XVI международна научна практична конференция. – Vol.7: Педагогически науки: София.«Бял ГРАД-БГ», 2020.-P. 62-65.
4. <https://imektep.kz/kz>

Sergaliyeva D.T., Karaganda University named after academician E. A. Buketov, faculty of foreign languages, gr. MIYA-52, master student
(*Supervisor – Candidate of pedagogic sciences, assistant professor Assanova D.N.*)

TEACHER'S IT COMPETENCIES IN THE CONTEXT OF DISTANCE LEARNING

The use of Internet technologies has become an integral part of the daily life of all mankind. This is evidenced by the fact that the number of Internet users is growing steadily around the world. Modern society requires a transition to a fundamentally new level of access to quality education. The XXI century is characterized by the creation of a knowledge society, the key components of which are knowledge, experience, skills, competencies and innovation. At the present stage, there is a comprehensive mass introduction of information technologies in all areas of education. The main goal of informatization of the education system is to transform modern information resources and information and communication technologies into a resource of the educational process that ensures the formation of qualitatively new educational results.

The pandemic of viral infection in 2020 showed the vulnerability of humanity to various circumstances that prevent personal communication. Teachers were called upon to ensure a continuous and high-quality educational process through distance learning based on the use of electronic educational resources.

In scientific and periodical domestic and foreign literature, there is a lot of material that describes the pros and cons of social networks in education. This problem became more urgent during the pandemic, when all educational institutions were forced to switch to distance learning. However, despite all the disadvantages of using various network platforms in the educational process, such as unstable access to technological resources, the low quality of sources on the Internet, many factors that distract from educational activities, etc., we must agree that this is a powerful tool for organizing interaction of students and teachers, their participation in professional communities. Technology can be a very effective tool, but it is just a tool. Technologies are not intended to replace a teacher; rather, the idea is to create such a learning environment that will allow switching the organization of the educational process to a higher level, ensuring the formation of qualitatively new educational results.

The specifics of the field of education are such that it will always have special requirements, because the efforts of the system are aimed at people. Therefore, along with technological progress in the educational sphere, the process of its humanization is also important. The main goal of the education system is, of course, to prepare a person for life in an ever-changing world. Therefore, it is necessary to build the educational process in such a way that it develops the potential capabilities of a person, helps to find themselves and develop their talents in the professional and social sphere. After all, while working on the Internet, a student can not only gain new knowledge, but also actively practice useful communication skills through interaction with other members of professional online communities [1].

All of the above indicates that, first of all, a modern teacher today is not only a traditional teacher with general competencies, but also a person who knows the educational segment of the Internet, who is oriented in pedagogical network communities, who has the skills to conduct the educational process using information and communication technologies, knowing pedagogical technologies of distance learning, able to teach his subject in any form using any means of communication. The teacher himself forms the educational environment for training a specialist: he designs the content of an academic discipline, a professional module, and selects the necessary software. Consequently, the level of competence formation of each graduate depends on the personal and professional qualities of the teacher.

Initially, the term competence was used in pedagogy only in relation to the study of a foreign language. It was first used by N. Chomsky, a professor at the University of Massachusetts (USA), in 1965. By competence, he meant "the speaker's knowledge of the language", distinguishing it from "the use of the